

Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Келес ауданы Біртілек ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 94 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 6316-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 қазандағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Келес ауданы Біртілек ауылдық округінің Амангелді ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) №1 атауы жоқ көшеге – Абылай хан көшесі;
- 2) №2 атауы жоқ көшеге – Мәңгілік ел көшесі.

2. Келес ауданы Біртілек ауылдық округінің Көлтоған ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) №1 атауы жоқ көшеге – Мұстафа Өзтүрік көшесі;
- 2) №2 атауы жоқ көшеге – Алтын Орда көшесі;
- 3) №3 атауы жоқ көшеге – Сауран көшесі.

3. Келес ауданы Біртілек ауылдық округінің Керегетас ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) №1 атауы жоқ көшеге – Дінмұхамед Қонаев көшесі;
- 2) №2 атауы жоқ көшеге – Алаш көшесі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Біртiлек ауылдық округ әкімі

К. Халық